

Павлодар облысы әкімдігінің 2001 жылғы 7 тамыздағы "Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді мүліктік жалға беру ережелерін бекіту туралы" N 48/5 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 131/3 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 26 сәуірде N 3008 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Облыс әкімінің 2004 жылғы 5 қарашадағы "Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың жүйесін жетілдіру туралы" N 26 шешіміне сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

облыс әкімдігінің 2001 жылғы 7 тамыздағы "Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді мүліктік жалға беру ережелерін бекіту туралы" N 48/5 қаулысына (облыс әділет департаментінде 2001 жылғы 26 қыркүйекте N 888 болып тіркелді, "Звезда Прииртышья" газетінің 2001 жылғы 13 қазандағы 118-нөмірінде жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының бас тақырыбындағы "ережелерін" деген сөз " нұсқаулықтарын" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының 1-тармағындағы "қоса беріліп отырған ережелер" деген сөздер "қоса беріліп отырған нұсқаулық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(бұдан әрі - Ережелер)" деген сөздер "(бұдан әрі - Нұсқаулық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының 2-тармағындағы "осы қаулымен бекітілген Ережелер" деген сөздер "осы қаулымен бекітілген Нұсқаулық" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық иелігіндегі немесе жедел басқаруындағы мүліктерді мүліктік жалға беру ережелеріндегі:

бас тақырыбындағы:

"Ережелер" деген сөз "Нұсқаулық" деген сөзбен ауыстырылсын;
"беру" деген сөз "беру бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ережелердің 1-тармағындағы "Осы Ережелер әзірленді" деген сөздер "Осы Нұсқаулық әзірленді" деген сөздермен ауыстырылсын;
көрсетілген ережелердің 2-тармағындағы "Осы Ережелер белгілейді" деген сөздер "Осы Нұсқаулық белгілейді" деген сөздермен ауыстырылсын;
көрсетілген ережелердің 3-тармағының 2-тармақшасындағы "алаңы 100 шаршы метрге дейін" деген сөздер "алаңы 15 шаршы метрге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ережелердің 13-тармағындағы "осы Ережелердің" деген сөздер "осы Нұсқаулықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ережелердің 22-тармағындағы "осы Ережелердің" деген сөздер "осы Нұсқаулықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ережелердің 46-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Мемлекеттік мекемелер облыс қаржы департаменті бекіткен нысандар бойынша тендердің өтуі мен мүлікті жалға беру нәтижелері туралы есепті тоқсан сайын, есептік кезеңнің соңғы айының жиырма бесіне дейін, облыс қаржы департаменті мен мемлекеттік басқару органына ұсынып отырсын.";

көрсетілген ережелердің 47-тармағындағы "уәкілетті органмен" деген сөздер "мемлекеттік басқару органымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ережелердің 49-тармағындағы "осы Ережелермен" деген сөздер "осы Нұсқаулықпен" деген сөздермен ауыстырылсын.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов